

**«Қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану бағытындағы инновациялық технологиялар» (туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу) атты Республикалық біліктілікті арттыру курсының өткізу қорытындысы бойынша мәлімет
Алматы қ.8-18 қыркүйек 2014 ж.**

2013 ж. 01.04. 229 қызмет келісімшартын орындауда «Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру» 023 бюджеттік бағдарламасы аясында республиканың қосымша білім беру жетекшілері және педагогтерінің біліктілігін арттыру курсы өткізілді:

1. «Қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану бағытындағы инновациялық технологиялар» (туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу) Алматы қ., 8-18 қыркүйек 2014 ж.

Тыңдаушылардың саны-50

№	Облыс	Саны
1.	Ақмола	3
2.	Ақтөбе	2
3.	Алматы	4
4.	Атырау	2
5.	Шығыс Қазақстан	3
6.	Жамбыл	4
7.	Батыс Қазақстан	3
8.	Қарағанды	2
9.	Қостанай	3
10.	Қызылорда	3
11.	Маңғыстау	2
12.	Павлодар	3
13.	Солтүстік Қазақстан	5
14.	Оңтүстік Қазақстан	3
15.	Астана қаласы	2
16.	Алматы қаласы	6
	Барлығы:	50

Курстың мақсаты:

Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытындағы педагогтерінің шығармашылық потенциалын дамытушы инновациялық технологиялармен таныстыру.

Балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытының педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасына балаларға қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын дамытуды арттыруға қатысты негізгі сұрақтар қамтылды.

Бағдарламаның жалпы көлемі- 72 академиялық сағат. Бағдарлама 3 оқу моделінен тұрады.

Психологиялық-педагогикалық модулі жасаралық ерешеліктерді есепке ала отырып оқушылармен жұмыс жасаудағы психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіруді қарастырды.

Бағдарламаның технологиялық модулі жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеу технологияларын, қосымша білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану қызметінің мазмұны және түрлерін, оларды қолдану ерекшеліктерін, негізгі күтілетін нәтижелерін ашты.

Практикалық- бағытталған модулі құзыреттілік-бағытталған білімге көшу шартында педагогикалық қызметін жетілдіруді, туризмнің тактика және техникасы бойынша жергілікті жерде практикалық сабақтар барысында мүмкін болатын инновациялық жобаларды жүзеге асыру тәжірибелерін меңгеруді қарастырды.

Сабақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы жұмыстың теориялық және практикалық тәжірибелерімен, өзіндік жұмыстар және жобаларды қорғаумен танысуды қарастыратын дәріс және практикалық сабақтар түрінде өткізілді. Курстың өткізудің негізгі түрлері болып дәрістер, семинарлар, практикум, шығу сабақтары, экскурсиялар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер.

Бірінші күн

Білім беру жүйесіндегі туризм, өлкетану

Екінші күн

Туристік-өлкетану бағыты бойынша қосымша білім беру ұйымдарындағы жобалық және зерттеу технологиялары

Білім алушылардың туристік-өлкетану қызметінің психологиялық-педагогикалық принциптері

Қазақстан Республикасындағы балалар және жасөспірімдер туризмін дамытудың болашығы.

Үшінші күн

Қазақстан Республикасындағы экскурсиялық қызметі

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің білім беру кеңістігіндегі мұражай педагогикасы

Төртінші күн

Түрген шатқалындағы сақ қорғандарын а табиғаттану экскурсиясы.

Бесінші күн

Туристік жорықтарды ұйымдастыру және дайындау, жол бағдарды дайындау. Жол бағдары бойынша құжаттарды ресімдеу.

Жорықтағы табиғатты қорғау қызметі.

Алтыншы күн

Шығу сабақтары. Республикалық өлкетану мұражайлары.

Алматы қаласындағы мектеп мұражайларына бару.

Жетінші күн

Туризмнің техникасы және тактикасы бойынша жергілікті жердегі практикалық сабақтар

(Бутаков асуы арқылы үлкен сарқыраманы және «Медеу» алаңына бару)

Сегізінші күн

Қосымша білім беру педагогтерінің туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық- шығармашылық жобалардың есебін дайындау.

Тоғызыншы күн

Қосымша білім беру педагогтерінің туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық- шығармашылық жобалардың есебінің презентациясы және қорғау.

Курсты өткізу қорытындысы және жауап алу бойынша курс тыңдаушыларының тілектері мен пікірлері.

Курстар өте танымды және мазмұнды, нақты әрі ойластырылған бағдарлама және ұйымдарыстылған. Лекторлар және экскурсия жетекшілері- жоғары білікті кәсіби адамдар, өте сапалы теориялық және практикалық сабақтар. Курстың барлық тыңдаушылармен проблемалық сұрақтарды шешу және жұмыс тәжірбиелерімен жақсы өзара алмасу болды. Курстың барлық тыңдаушылары өзінің аймағында практикалық түрде жүзеге асыруына арналған пайдалы мәліметтерді алды. Барлық тыңдаушылар республиканың әртүрлі аймақтарындағы педагогтер үшін осындай курстар мен слеттерді өткізу туралы пікірлерін білдірді. Қосымша білім берудегі жұмыстың бағыттары бойынша біртұтас әдістемелік базаны және нормативті-құжаттарды жасау керек.

